

«Педагогикалық этика нормаларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны сақта» тақырыбында өткен дөңгелек стол туралы анықтама

2022 жылдың 12 қаңтар күні «Балалар өнер мектебі» КМҚК-да «Педагогикалық этика нормаларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны сақта» тақырыбында дөңгелек стол болды. Ісшараға педагогика ұжымының 32 мүшесі қатысты. Дөңгелек столды мектептің әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі Шыныбаева С.Е. жүргізді. Қатысушылар педагогикалық әдептің адалдық, әділдік, жеке тұлғаның абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу, патриотизм, жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік, кәсіби ынтымақтастық, үздіксіз кәсіби даму қағидаларын, негізгі нормаларын, білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасауда, әріптестермен қарым-қатынас жасауда педагогтердің әдеп нормарын сақтауын талқылап, әріптестермен, ата-аналармен, оқушылармен қарым-қатынаста қатаң ұстану керектігіне тоқталды.

Қызметтік міндеттерді орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке бас мүддесінің туындағаны туралы, сыбайлас жемқорлық әрекетіне және сыйлық алу итермелеу туралы тікелей немесе өз басшысына жеткізу; жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және басқа да адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау; әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлық жасамау және мүліктік пайда немесе артықшылық пайда алу үшін қызметтік өкілеттілікті пайдалана отырып қызметтік емес қызмет көрсетпеу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылықты ашуға белсенділік таныту; сыбайлас жемқорлық фактілері белгілі болғаны туралы, сондай-ақ қандай да бір материалдарды қарауды жылдамдатқаны үшін пайда көруге итермелегені немесе әуре-сарсаңға салғаны туралы басшылыққа жеткізу; атқару үшін алынған өкімнің заңдылығына күманданған жағдайда бұл туралы тікелей басшыға жазбаша хабарлау; егер мүдделер қақтығысына тікелей басшының өзі қатысты болса, жоғары тұрған басшыға жүгіну мәселелері айтылды.